

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы атқару хаттамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 маусымдағы N 600 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004 жылғы 22 желтоқсанда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы атқару хаттамасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен
Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы
Өтеусіз әскери көмек туралы
атқару хаттамасы**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы,

2004 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Мақсаты

Осы Атқару хаттамасының мақсаты 2004 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімнің шеңберінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі үшін іске асырылатын 2004 жылы материалдық-техникалық қамтамасыз ету жобасын айқындау болып табылады.

2-бап

Қолдану аясы

Осы Атқару хаттамасының күші Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабына қолданылады.

3-бап

2004 жылғы материалдық-техникалық қамтамасыз ету жобасы

1. 2004 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге сәйкес Түрік Республикасы Қазақстан Республикасына 1 050 000 000 000 (бір триллион елу миллиард) түрік лирасы сомасына мүлік береді.

2. Осы қаражат пайдаланыла отырып, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне төменде көрсетілген жобаны іске асыру үшін материалдық көмек көрсетілетін болады:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің арнайы мақсаттағы батальонын жарақтандыру.

4-бап

Негізгі ережелер

1. Тараптар материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жобаны жүзеге асыру үшін мүліктің атаулары мен санын бірлесіп қарайды және айқындайды.

2. Бөлімшенің жауынгерлік әзірлігіне тікелей қатысы бар көлік құралдары, байланыс жабдықтары сияқты негізгі мүлікті Түрік Республикасынан Түрік Республикасының Бас штабы жеткізетін болады.

3. Мәжбүрлі жағдайлардан басқа, бұл сомаға тұтыну тауарлары сатып алынбайды және құрылыс-жөндеу жұмыстары жүзеге асырылмайды. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі осы тармақтың орындалуына жауапты болып табылады.

4. Жеткізілетін мүлікті айқындағаннан кейін Түрік Республикасының Бас штабы бұл туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігін хабардар етеді және Қазақстан Тарабы өзінің жеткізу жоспарын жасайды.

5. Көмек ретінде берілетін жабдық тек көрсетілген жобалар үшін мақсатында пайдаланылатын болады және басқа мақсаттар үшін пайдаланылмайды. Көмек ретінде берілген қару-жарақ пен жабдықты басқа мемлекетке, заңды тұлғаға немесе ұйымға кез келген түрде беру, сондай-ақ жабдықты пайдаланудан шығару Түрік Республикасы Бас штабының мақұлдауына байланысты болады.

6. Мүлікті Қазақстан Республикасына дейін жеткізуге түрік Тарабы жауапты болады. Қазақстан Республикасының аумағында мүлікті кедендік ресімдеу жөніндегі барлық рәсімдерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүзеге асыратын болады. Түрік Тарабы аталған рәсімдерге жауапты болмайды.

5-бап

Мәтін және қолдар

1. Осы Атқару хаттамасы 2004 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге негізделеді.

2. Осы Атқару хаттамасы әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Атқару хаттамасының ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

3. 2004 жылы 22 желтоқсанда Астана қаласында жасалды және Тараптардың ол күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі үшін *Бас штабы үшін*
генерал-майор
Қажғалей Мұқатов
ҚР ҚК Тыл бастығы
бастығы

Түрік Республикасының
генерал-лейтенант
Юрдаэр Олджан
ТР БШ Тыл департаментінің